

Ленин түзі

ҚК(б)П СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 202 (8662)

1945 жылғы 13 октябрь сенбі

Шығуына 27-жыл
Кіскі саны 20 талын

Марксистік-лениндік теория қажырлылықпен пропагандалансын

Марксистік-лениндік теорияның күші және тұрмысқа бейімділігі қазіргі заман тарихында толық сыналды. Жұмысшы табының данышпан көсемдері — Ленин мен Сталинге марксизмді онан әрі өркендетуге, жаңа табыстармен, жаңа қорытындылармен байытуға мүмкіншілік берген тарихи дәуіріміздегі қоғамның даму тәжірибесі ғылыми социализмнің мәңгі өшпейтіндігін және дұрыстығын дәлелдеді. Адамзаттың тарихында алғаш рет социализм совет елінде жүзеге асырылды. Марксистік-лениндік идеялар қалың бұқараны меңгергеннен кейін заттық алып күшке не болды.

Теорияның ұйымдастыру және ұйтқы болу күші Ұлы Отан соғысы күндерінде мейлінше толық ыспатталды. Совет халқы фашист шапқыншыларды саясат соғыс шаруашылық майдандарында большевиктер партиясының, ұлы ғалым және данышпан қолбасшы Сталин жолдастың басшылығы арқасында жеңді.

Совет мемлекетінің кадрлары марксизм-ленинизмді, қоғамның даму заңдары туралы ғылымды меңгерсе, олар күрделі зор міндеттерді орындай алатынын соғыс дәлелдеді. Марксизм-ленинизм жөніндегі негізгі білімдердің энциклопедиясы «БЕ(б)П тарихының қысқаша курсы» басшылы шыққаннан бергі жеті жыл ішінде партиямыз жүргізген ұйымдастыру және тәрбие жұмысының қандай зор маңызы бар екенін соғыс ыспаттады. Соғыс жылдарында совет елінің жұмысшылары мен шаруаларына тікелей басшылық көмек көрсеткен бүкіл интеллигенциямызды, партия және совет кадрларын идея жағынан шығындыру ісінде «Қысқаша курс» зор міндет атқарды. Соғысқа дейін

Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, «БЕ(б)П тарихының қысқаша курсы» өз бетімен оқу, үйрену — марксизм-ленинизмді үйренудің негізгі әдісі. Кадрлардың теориялық оқуының басқа түрлерінің бәрі — партия мектептерінде оқу, үйірмелерге қатысу, лекциялар тыңдау өзара әңгіме конференция өткізу — сол негізгі әдіске тек көмекші екенін бір минутта естен шығармау керек. Кітапты зер салып өз бетімен оқудың орнын ешбір үйірме басшысы ешбір лектор толтыра алмайды. Олар тек теорияның күрделі мәселелерін айыруға, үйренетін тақырыптың негізгі, түйінді мәселелеріне ой жіберуге көмектеседі.

Баспа сөз, БЕ(б)П Орталық Комитетінің сан рет көрсеткеніндей, марксизм-ленинизмді пропагандалаудың ең негізгі құралы. Ал ауыз екі пропаганда оған тек көмекші. Кадрларымыздың марксистік-лениндік теорияны үйренуіне көмектесіп отыру — өздерінің төл міндеті екенін республикалық және облыстық газеттердің редакциялары жақсы түсінулері керек. Теория мәселелері жөнінде таңдаулы пропагандистердің лекцияларын, кеңес беретін мақалаларды баспа сөз бетінде үнемі жариялап отыру керек.

Еңбекшілердің қалың топтары арасында марксистік-лениндік теорияның негіздерін жалпы пропагандалау керек екенін естен шығармау керек. Соғыс жылдарында Қызыл Армияда, өнеркәсіпте, колхоздарда орасан көп активтер өсіп жетілді. Отанымыздың қорғаушылары, жұмысшылар, колхозшылар Советтер Одағының халықаралық және ішкі саясаты туралы мәселелерге ерекше көңіл қойып отырады. Олар еліміздің келешекте дамуын білгісі

Октябрь—астық тапсырудың шешуші айы

Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздарға теңеліндер!

Облысымыздың егін даласында

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ. Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің мәліметі бойынша, 10 октябрьге дейін облыстың колхоздары мен совхоздарында мемлекетке астық тапсыру жоспары 56,2 процент орындалды. Облыс бойынша соңғы бір бес күндік өсім — 4,8 процент болды.

Астық дайындау жоспарын Петропавл ауданы 88,1, Приешім ауданы 71,2, Совет ауданы 66,2 және Октябрь ауданы 60,3 процент орындады. Бұл жұмыста бұрынғыша Конюхов, Булаев, Ленин және Преснов аудандары артта келеді. Бұл аудандарда соңғы бес күнде астық тапсыру қарқыны тіпті бәсеңдеді.

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 11 сентябрьге дейін облыс колхоздарында 348907 гектар егін орылып, жоспар 92,3 процент орындалды. Егін ору жөніндегі облыс бойынша соңғы бір күнді өсім — 3497 гектар болды. Бұл күні Полудень ауданының колхоздарында бірде-бір гектар егін орындалды.

Егіннің Октябрь ауданының колхоздарында 99,2, Петропавл ауданының колхоздарында 98,4, Соколов ауданының колхоздарында 94,4 және Преснов ауданының колхоздарында 94 проценті орылды. Бұл жұмыста бұрынғыша Конюхов, Булаев және Совет аудандарының колхоз-

Бүгін--облысымызда қаржы жыйнау нінде жарияланған айлықтың төртінші Финанс орындары мен аудандық, ауыл лендік советтердің барлық күші, фикизметкерлерінің іскерлік қаблеті қаржыйнау жоспарын айлық кезінде то орындау ісіне жұмсалсын!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа ұштасып, мемлекетке астық тапсыруда және егін жыйнауға үздік табыстарға не болған мына алдыңғы қатарлы колхоздар Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің ұсынуы бойынша облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады.

Совет ауданындағы «КОЛОС» колхозы (председателі Нозак жолдас);

Совет ауданындағы «СОВЕТ» колхозы (председателі Даниловский жолдас);

Полудень ауданындағы СТАЛИН атындағы колхоз (председателі Ворож-но жолдас);

Булаев ауданындағы ЧАПАЕВ атындағы колхоз;

Приешім ауданындағы «ЗАРЯ КОММУНЫ» колхозы (председателі Счасливцев жолдас);

Приешім ауданының «12 ОКТЯБРЬ» колхозы (председателі Пидорич жолдас);

Приешім ауданындағы «ОБРАЗЦОВЫЙ» колхозы (председателі Кунде-ренко жолдас);

Соколов ауданындағы «ПУТЬ ПЛЫНЧА» колхозы (председателі Вишне-вецкая жолдас). Бұл колхоздар астық тапсыру жоспарын толық орындап, қазір мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыруда.

Астық тапсыру жоспары толық орындалсын

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден). Аудан-ның алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшылары Қазақ ССРның 25 жыл-дық даңқты мерекесі атындағы социалис-тік жарысты барған сайын көңінен өріс-тете түсуде. Олар социалистік жарысты

«Труд гурток» және «Новый свет» кол-хоздары да көшіргісіз артта қалды. Бұл колхоздардың әр қайсысының қырманда-рында кемінде 20 мың пұт астық жа-тыр. Бірақ, колхоз председателдері Куб-рошко және Матвеев жолдастар мемлекет-ке астық тапсыру жоспарын орындауда-

Біз міндеттемені орындадық

Біздің колхоздың мүшелері мыздың алдыңғы қатарлыла-сі бойынша, Қазақ ССРның даңқты мерекесі атындағы ық социалистік жарысқа ұп жыйнау маусымын үкмет пен белгілеген мерзімде аяқтауға, өгінің әрбір гектарынан ең де 8,5 центнерден өнім алуға сен еді.

Колхозшылар бұл міндет жүзінде аброймен орындап егін жыйнауға тыңғылықты Жұмыс малдары жақсы кү әрбір колхозшыға бекіті ді. Сөйтіп, колхозшылар нау жұмысына ойдағыдай әр істі.

Егін жыйнау маусымын күндерінен бастап, колхозда-дастыру және үгіт-көшілік жолға қойылды. Колхозшылар хажетін тыңғылықты өтеу-ға қарады. Дала қостарын қатарлы колхозшылар үшін тер ұйымдастырылды. Әрбір га, звеноға күнделік және тапсырмалар беріліп, оның мұқият тексеріліп отырылды.

Сондықтан да колхозымыз 376 гектар егінді ешбір

Ленинизм мәңгі өркендеп, дағдарыс кезінде, қорамдық дамудың жаңа тәжірибесімен үздіксіз молай беретін ғылым. Оның қағидаларын мәңгі өзгермейтін рәуәттерге тәйяналдыруға болмайды, оның қағидаларын жай жаттап алып, бет алды қолдана беруге болмайды. Біздің ғылым—бүкіл орыс мәдениетінің және бүкіл дүние жүзі мәдениетінің шыңы. Біздің ғылым адамзаттың ой-санасының тарихи дамудағы нәсіме жүз жылдар бойына қол жеткен табыстарын өзіне жыйнады.

«Адам баласы жасап шығарған байлықтың барлығын білумен жатынды байытқанда ғана коммунист болуға болады» деді Ленин мұнан 25 жыл бұрын комсомолдың III съезіндегі сөзінде, (Шығармалар жыйнағы, XXX том, 407-бет).

Қызметкердің теориялық даярлығы неғұрлым жоғары болса, ол идеялық білімін онан әрі арттыру жөнінде өзіне солғұрлым зор талаптар қоюға тиіс. Марксистік-лениндік білімді бір жолата меңгердің деп ешкім айта алмайды. Қоғам өмірі ілгерілей береді, онымен бірге теориямыз да ілгерілейді. Артта қалсаң, бір орында тұрып қалсаң, онда жалаң «іскерсіңген» адамға, саяси тоғышарға айналғаның, онда большевиктің хаснетті сезімі—жаңалықты сезу хаснетінен айрылғаның.

Қазіргі уақытта, бейбітшілікпен даму дәуірінде, еліміздің басшы кадрлары алдына қойылған ұлы міндеттер олардан қоғамның даму заңдарын білуді талап етеді. Ал соғыс жылдарында партия, совет, соғыс және мәдениет жұмыстарын басқаруға жаңадан көп кадрлар келді. Олар өздерінің теориялық білімін күнбе-күн қажырлылықпен арттырып отыруы керек. Ең алдымен партияның мүшелері мен кандидаттарына осындай талап қойылады. БК(б)П уставы оларға өздерінің саналылығын арттыру, марксизм-ленинизм негіздерін үйрену жолында қажырлылықпен жұмыс істеуді міндет етеді. Отан соғысы жылдарында партия қатарына 2 миллионнан аса адам қосылды. Бұлар—еліміздің саяси активі, совет мемлекетінің таңдаулы адамдары. Олар марксистік-лениндік теорияны меңгерулері керек.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсы» басылып шыққаннан бері партия ұйымдары пропаганда жұмысында көп тәжірибе алды. Бұл тәжірибені қорыту, оны барлық партия ұйымдарына тарату—пропаганда қызметкерлерінің міндеті.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсы», Ленин мен Сталиннің еңбектерін, Сталин жолдастың «Советтер Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» кітабын тереңнен үйрену кадрларымызға қоғамның даму заңдарын, қазіргі оқиғаларды, еліміздің алдына қойылып отырған міндеттерді ғылыми жолмен түсіндіріп береді. Ғылымның бұл мол қазынасынан пайдалану—қазіргі ұрпақтың адамдарына зор бахыт.

Теорияны үйрену совет адамына күш беретін, коммунизм орнатуына сенімін арттыратын бір тұтас, ғылыми материалістік дүние тану көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Кадрларымыз тек кітап оқумен ғана емес, теориямызды күнбе-күнгі жұмыста қолданып отыру, оны жүзеге асыру, бұл жолдағы әртүрлі кедергілердің бәрін жою жолымен идея жағынан шынығады.

Бүкіл пропаганда жұмысын ұйымдастыру үшін партия комитеттеріне зор қауаптылық жүктеледі. Партия активтері, БК(б)П облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің секретарьлары мен мүшелері марксистік-лениндік теорияны меңгеру жөнінде басқаларға өздері үлгі болуы керек.

Ленин—Сталин еңбектерін үйрену кадрларымызға теориялық білім береді, олардың дүние тану көзқарасын белгілеуіне, партиямыздың ұлы көсемдерінің өмірі мен ісінен үлгі алып, большевиктік басшылық өнерін үйренуіне көмектеседі.

Басшы кадрлардың марксистік-лениндік революциялық теорияны үйренуі—совет мемлекетінің онан әрі өсіп, өркендеуінің, оның экономикалық қуатының артуының және мәдениетіміздің гүлденуінің басты шарты. «Мемлекеттік және партиялық жұмыстың қай саласында болса да,—деді партияның XVIII съезінде Сталин жолдас,—қызметкерлердің саяси білімі дәрежесі және марксистік-лениндік саналылығы неғұрлым жоғары болса, жұмыстың өзі де солғұрлым жоғары және жемісті болады, жұмыстың нәтижесі солғұрлым жақсы болатынын ақиқат деп тану керек». Еліміз Ленин мен Сталин идеяларының туы астында жеңіп келді және жеңуде—Ленин мен Сталин идеяларының туы астында совет халқы бейбітшілікпен өркендеу дәуірінде жаңа ұлы табыстарға жетеді.

(«Правданың» басмақаласынан).

1500 ГЕКТАР ЖЕР ЖЫРТЫЛДЫ

СЕМЕЙ. Серго атындағы МТС-та (директоры Даниленко жолдас) жоспардағы 1470 гектар орнына 1500 гектар жер жыртылды. Таубадовтың трактор брига-

дасы жер жыртыуды алдыңғы бригадалар қатарында аяқтады. Оның бригадасы трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 100 процент орындады. (ҚазҰАҒ).

аудандары артта қалды.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Облыс колхоздарында 41974 гектар зябь жыртылды. Бұл жоспардың 24 проценті. Соңғы бір күнде облыс бойынша 571 гектар зябь жыртылды. Бұл күні Октябрь және Полудень аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады. Ал Преснов ауданының колхоздары 7 гектар, Петропавл ауданының колхоздары 11 гектар және Соколов ауданының колхоздары 18 гектар ғана зябь жырты.

ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАДЫ

Совет ауданындағы астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындаған колхоздар күн санап көбейе түсуде. Кеше, «Колос» (председателі Новак жолдас) және «Совет» (председателі Даниловский жолдас) колхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын толық орындады.

Қазір бұл колхоздар мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыруда. Мұнымен қатар, астық бастыру жұмысын күшейту арқылы колхозшылардың еңбеккүндеріне астық беру және тұқым құю жұмыстарын тездетуде.

Т. КӘДІРОВ.

Көп балалы аналарды „Ана медалі“ медалімен наградтау ту Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан наградталсын:

СОЛҮСТЫН ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНАН

Алты бала тауып, тәрбиелеп өсіргені үшін І-дәрежелі «Ана медалі» медалімен:

1. Васильева Евдокия Ивановна—Петропавл ауданы, Архангель селосы, үй шаруасындағы әйел.

2. Ветрова Надежда Ивановна—Петропавл ауданы, үй шаруасындағы әйел.

3. Долгих Екатерина Ивановна—Петропавл ауданы, Бескөл ауыл советі, Степан Разин атындағы колхоздың мүшесі.

4. Коллянина Евдокия Яковлевна—Ленин ауданы, Заградов селендік советі, «Земледелец» колхозының мүшесі.

5. Коневалова Прасковья Ивановна—Преснов ауданы, Буденный атындағы ет-сүт совхозының жұмысшысы.

6. Коргина Татьяна Егоровна—Петропавл ауданы, Архангель селендік советі, «Луч Ленина» колхозының мүшесі.

7. Кочина Мария Васильевна—Мамлют ауданы, Коваль селосындағы колхозшы.

қазір бұл колхозда астық дайындау жұмысының орындалуы 90 процентке жуықтады. Осы сыяқты «Орталық» (председателі Әбілдин жолдас) және «Айтуар» (председателі Алпысбаев жолдас) колхоздары да егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында алда келеді.

Ауданда астық дайындау жұмысын бүгінгі күннің талабына сай жүргізіп отырғандардың бірі—«Талпын» колхозы. Бұл колхоз мемлекетке қазірдің өзінде 10800 пұт астық тапсырды. Таяудағы күндерде бұл колхоз мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын толық орындап шықпақ.

Дегенмен, бұл ауданда егін жыйнау мен астық тапсырудың озаттарына ілесе алмай бұл жұмыстарды қылмысты түрде кешеуілдетіп отырған колхоздар да жоқ емес. Ондай колхоздардың басшылары қырманды жатқан астықты мемлекетке жөнелтуді ұйымдастыра алмай отыр. Шандаровский жолдас председатель болып істейтін «Красное знамя» колхозының қырманында жүздеген пұт астық жатыр. Ол астық тазартылып, кептірілмеген, бұл жұмысқа қажетті мөлшерде жұмысшы күші қосылмаған. Осының салдарынан соңғы он күнде мемлекетке астық тапсыру жөніндегі өсім небары 10 процент ғана болды. Астық дайындауда

Рас, өткен жылдарда колхоз ауыл шаруашылық жұмыстарының барлық түрін ойдағыдай жүргізсе, бығын бұл колхозда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жоспарын деркесінде орындай алмау хаушп туып отыр. Мұнда әлі күнге дейін астық дайындау жоспарының тең жартысы да орындалған жоқ.

Колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызы—астық дайындау жоспарын орындауда артта қалу сыры колхоз басшыларының егін жыйнау жұмысын нашар ұйымдастырғандығынан деп білу керек. Өйткені бұл колхозда әлі күнге дейін 190 гектар егін орылмай, сабақта тұр. Ал колхоздағы үш комбайнның күн сайын бірі жүрсе, бірі жүрмейді. Ал Камитов және Бейсенбаев сыяқты комбайншылар егін жыйнауға шыққалы 40 гектардай ғана егін жыйнады. Соған қарамастан колхоз басшылары комбайнға сеніп, астық бастыру жұмысын күшейтпей отыр. Бұл жұмысқа молотилкаларды, тас қырмандарды пайдаланбайды.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында артта қалып отырған бұл колхоздардағы істің жайын аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқаміндегілер жақсы біледі. Бірақ олар шешуші шара қолданбай отыр.

Сыздықова жолдаста сырманы үнемі артығымен. Маяшылар Мырзабаева және Мүнасіпова жолдаста 3.5—4 гектар егін майласты, көруен бастығы Кусайта қабылдау пунктінде центнер астық өткізу орнпер астық өткізіп отырылуы сөз етті.

Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ойдағыдай егін бригадасының бригадирі дас бірталай жұмыс істе колхозшылар арасында күн күндік тапсырмалардың үн орындалып, жұмыс арасықтың болмауын қамтамасыз етті.

Қазір колхозымызда мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында артта қалып отырған бұл колхоздардағы істің жайын аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқаміндегілер жақсы біледі. Бірақ олар шешуші шара қолданбай отыр.

Ш. Е. Совет ауданындағы «Жаңа жол» колхозының председателі.

17. Распопова Анна Николаевна—Мамлют ауданы, Михайловка селосындағы колхозшы.

18. Рыбалко Анна Захаровна—Октябрь ауданы, үй шаруасындағы әйел.

19. Сейітбекова Кәусар Ғалиқызы—Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

20. Сафронова Елена Евграфовна—Петропавл ауданы, Кривоозер селосы, үй шаруасындағы әйел.

21. Смоленцева Анна Андреевна—Преснов ауданы, Кладби селендік советі, «Заря новой жизни» колхозының мүшесі.

22. Сухоголова Ирина Егоровна—Октябрь ауданы, үй шаруасындағы әйел.

23. Сюниязова Майнұр Негметоллақызы—Мамлют ауданы, Степное селосы, үй шаруасындағы әйел.

24. Фурсова Пелагея Петровна—Ленин ауданы, Покров селендік советі, «Путь к социализму» колхозының мүшесі.

Бес бала тауып, тәрбиелеп өсіргені үшін II-дәрежелі «Ана медалі» медалімен: 1. Абрамочкина Прасковья Федоровна—Булаев ауданы, Булаев селосы, үй шаруасындағы әйел.

руасындағы әйел.

2. Амелина Фекла Федоровна—Торангүл ауылы, Торангүл ауылындағы әйел.

3. Банная Татьяна Васильевна—Буденный ауылы, Буденный ауылындағы әйел.

4. Баскакова Ирина—Мамлют ауданы, Михайловка селосындағы әйел.

5. Бережная Федосья—Мамлют ауданы, Григорьев селосындағы әйел.

6. Васильева Антонина—Мамлют ауданы, Воскресенский селосындағы әйел.

7. Вилькова Марина Егоровна—Архангель селосындағы әйел.

8. Волчнова Евдокия—Петропавл ауданы, Кривоозер селосындағы әйел.

9. Гайдун Анна—Ленин ауданы, Буденный атындағы әйел.

(Жалғасы бар)

Едіге-халықтың зұлым жауы

ардың Қазақстан мен Орда-Алаштың аса уақытқа ірі қазақ халқының, сол а халықтардың тарихын қара түнек дәуір болды. ыларының елді ойрандап, ілік жасауы салдарынан ыруашылық және мәдени ылар бойына шөгіп, еске руларының бір мемлекеті түтас халық болып құрамуын монғолдардың шап тастады. Маңғолдар қа бірігуге ұмтылған ереке аталдықпен басып отыр

ардың орыс еліне және ымынған-елдерге үстемдігін Маркс оны «монғолдар ады ылайсаңы» деп ата ай деп жазды: «Татарлар екі ғасырдан артық уа Бұл өзінің шеңберіне аң жанын тек жаныштап ның үстіне тіклемдеп, құр ратын қысым болды. Мон үздіксіз террор тәртібін қты талау, жашпай қыр ату бұл тәртіптің құралы «XVIII ғасырдың құпия

галистерінің басқыншылық йта келіп, Сталин жолдас ылай деп жазды: «Австрия ампералистері өздерінің жерлерінде бұрынғы татар ешбір кем түспейтін жаңа асым жасайды». Сталин сөздерінде татар-монғол шымығына толық баға бе ц үстемдігінің мейлінше ғы көрсетілді.

іен Қазақстан халықтары яншыларын өздерінің қас . Қатты қысымға қарамас Жалайыр, Қоңырат, Ке улары монғол басқыншыла сынбай, оларға күшті қар і. Орта Азияны зерттеуші ің «Қазақ-қырғыз елдерін онғолдардың «қолбасшысы ыда аталған қазақ рула здеріп келтіреді. Өктей бұл дарын өзінің жасақтарына тканда: «Олардың басын әйтпесе, күш алып, бой дейді.

монғол басқыншыларына алық көтерілісі олады. Бұл өнерші Махмұл Тараби

дәлелдер бола тұрса да, «Қазақ ССР тарихының» алғашқы басылуында идеологиялық, елеулі қателер жіберілді. Бұл қателер революциядан бұрынғы Қазақстанның тарихын әр дәуірге дұрыс бөлмеушілікпен туды. «Қазақ ССР тарихын» жазушылар қазақ қоғамының тарихи дамуын қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысуы негізінде баяндау жағын ескермей, қазақ елінің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресі негізінде баяндауға тырысты. Мұның нәтижесінде татар-монғолдардың үстемдік жүргізген кезі де қазақтардың тәуелсіз ел болған дәуіріне қосылған. Тарих кітабында монғолдардың Қазақстан елін бүліншілікке ұшыратқаны, Қазақстанның және Орта Азияның қалаларын егін салатын бай аудандарын талқандағаны көрсетіле тұрса да, татар-монғол үстемдігінің себептері және салдары толық ашылмады, бір түтас қазақ халқының және қазақ мемлекетінің құрамуына көп жылдар бойына бөгет жасаған татар-монғол үстемдігінің реакцияшылдығы, кертартпалығы толық көрсетілмеді.

Кітаптың бұл тарауында «Қазақ ССР тарихын» жазушылар ел аузындағы ертегіге сүйеніп, Алтын орданың көрнекті билеу-төстеушілерінің және беделді қол басшыларының бірі Едігені Тоқтамыс ханға қарсы шыққан, қазақ халқының мүддесін қорғаушы деп сипаттады. Едігеге мұндай баға берушілік тарихи шындыққа жатпайды. Тарихи зерттеудің қандай болса да, толық тексерілген ғылыми деректерге сүйенді, ал, халық аузындағы ертегі әңгімелер тарихи дұрыс сипатталған оқиғаларды тек толықтырушы ғана болады. Осылай бола тұрса да, авторлар татар-монғол үстемдігінің және оның қол басшыларының дәуірін жазғанда тек ауыз әдебиетіне сүйенген. «Қазақ ССР тарихын» жазушылар қазақ халқының азаттық күресінің дәстүрлерін сипаттауға тым әуестеніп, татар-монғолдардың Қазақстандағы үстемдігінің кертартпалық сипатын толық анықтамастан, Алтын орданың ел тонаушы қолбасшысы, даңқты қазақ халқының өткендегі ерлік тарихына ешбір қатысы жоқ Едігені азаттық жолындағы қайраткерлердің санына қоса салды. Едіге Алтын орданың әмірі болды. Ол Қазақстан мен Орта Азияның Алтын ордаға бағындырылған халықтарына сұраныл қатты қысым көрсетті. Шығыс тарихшыларының мәліметі бойынша, Едіге «халықты қатты езетін дәстүрлер мен заңдар орнатты».

Қазақстан К(Б)Н Орталық Комитетінің

Марғұланның бұл дәлелдерін тарихи фактылар теріске шығарады.

Ең алдымен, Марғұлан, Тоқтамыс ханға қарсы соғысқанда, Едіге Алтын орданың бір кездегі үстемдігін қайта орнатуды көздегенін түсінбеді. Бұл соғыста жеңу үшін Едіге халыққа сүйенуге тырысты. Ол халықтың қамқоры болғандықтан, халықты Тоқтамыстың қысымына күт қарамын деп, халықтың күресін өзінің мансапқорлық мақсаты үшін пайдаланды. Едігенің халыққа—«қарашыға» көзқарасы қандай болғанын оның Жанбайға айтқан мына сөздерінен көруге болады:

«Аппа, көзің тесермін,
Сөйлемө, тілің кесермін,
Атаң қара кісі еді,
Енең қара кісі еді,
Ас бергеннің күңі еді».

Едігенің бұл сөздерінен оның халықты менсінбегендігі, халықтан іргесін аулақ салғаны көрінеді.

Едігенің Алтын орданың билігін өз қолына алғысы келіп, Тоқтамысқа қарсы соғыста халық күресін пайдалануға тырысқанын Едиге корольнің елшісі Клавихоның мынадай сөздері ыспаттайды: «Қыпшақ халқы арасында наразылық қозғалыс барлығын байқағаннан кейін, олармен сөз байласты, Тоқтамысқа қарсы және қыпшақтардың барлық жауларына қарсы соғысқа шығамын деп уәде берді. Қыпшақтар оны хан сайлады, ол Тоқтамысқа қарсы көтерілді, оны өлтірудің амалын іздей бастады, өйткені Тоқтамыс өлтірілсе оның хандығы және қыпшақтар оның өз қолына көшетін еді». Едіге тіпті де халықтың досы, қорғаушысы болмағанын жоғарыда келтірілген сөздер айқын дәлелдейді.

Марғұланның екінші дәлелі де ешбір шындыққа жатпайды. Тарихи айғақтар бұған қарсы болып отырса да, Марғұлан Едігені орыс халқының досы болды деп көрсеткісі келеді. Едіге Москва князі Василийге, Литва князі Витовке қарсы одақ жасауды ұсынганда, оларды өзара қырқыстырып, әлсіретуді, мұнан кейін өзінің дұшпандарын жеке-жеке ойсыратып жеңгісі келді. Сол заманның шежірешісі Едігенің бұл залымдық саясатын дұрыс байқаған: «Едіге қайын атасын күйеуі мен (яғни Витовты Москва князі Василиймен—Е. Б.) араздастырды, сөйтіп бұл күресте оларды әлсіретіп, кейіннен татарлардың оңай олжасы етпек болды».

Тарихшы Карамзин Едігенің Литва князі Витовке қарсы аттанған болып, Москваны жаулап алуға тырысқанын көрсетті. Карамзин: «Едіге Юрийді кідірткеннен

Мұнымен бірге кейбір әдебиетшілердің екінші жаққа бой ұратынын, Тоқтамыс ханның қызметінде болған тарихи Едіге ертегідегі Едігенің түк қатысы жоқ деп дәлелдеуге тырысатынын айтып өту керек. Жұрттың ұғынуынша, Едіге—бағырлар жырындағы халық батырының бейнесі дейді. Айта кетуіміз керек, қазақ халқының Тоқтамыс хан тұсында және әмір Темір тұсында болған Алтын орда Едігесіне, ұқсамайтын ерекше ертегілік Едігесі болуының себебі түсініксіз. Орыс және шығыс тарихшылары XIV ғасырдың аяқ шенінде, XV ғасырдың бас кезінде болған тарихи Едіге биден басқа ешбір Едігені білмейді. Қазақстанның өткендегі тарихын жақсы білген Шоқан Уәлихановтың және профессор Мелиоранскийдің зерттеулері де осыны ыспаттайды. Ертегідегі Едігені тарихи Едігеден бөлектеудің ешқандай ғылыми негізі жоқ.

Марғұлан мен Жұмалиевтің шығармаларынан келтірілген үзінділер және кейбір әдебиетшілердің ертегідегі Едігені тарихи Едігеден бөлектеуге тырысуы бұл авторлардың Едігені және іс жүзінде татар-монғолдардың Қазақстандағы үстемдігін дәріптеуі өте қате екенін көрсетеді. Едігенің ролін бұл авторлардың тарихи бұралаң көрсетуі жұртты адастырады, бұл туралы мәліметі кем оқушыларға Алтын орда қолбасшысы Едіге қазақ халқының қамқоры болыпты-мыс деген жалған ұғым туғызады.

Едіге жыры қазақ халқының өзіне тән жыры деп есентеуге Марғұланның да, Жұмалиевтің де дәлелі жоқ, өйткені Едіге жырының қазақтікі немесе басқа халықтікі екенін ғылым әлі күнге толық анықтаған емес. Шоқан Уәлихановтің өткен ғасырдың орта шенінде өзінің зерттеу еңбектерінде, Едіге қазақ батыры емес, ол араптар арасынан шыққан деген қорытындыға келді.

Едігенің орыс халқына көзқарасы туралы шын тарихи документтердің айта тыны Қазақстанның кейбір әдебиетшілері мен тарихшыларының айтқанынан мүлдем басқаша. Бұл туралы шындық мынадай.

Алтын орда хандарының қолбасшысы, мырзасы—Едіге XIV ғасырдың аяқ шенінде, XV ғасырдың бас кезінде әмір сүрген. XV ғасырдың бас кезінде Едіге Темірдің әскерінде қызмет етіп, оның қарындасын алған. Әмір Темір Тоқтамысты жеңгеннен кейін, Алтын орданың Тоқтамыс ханына қарсы ашық күрес бастаған. Бұл күрестің басталуына сыртқы саясаттың шешенісуі себеп болды. 1380

бұрынғы қуатын қалпына келтіруге тырысты. Бұл жөнінде Едігенің Москва князі Василий Дмитриевичке—Донскойдың ұлына жазған хатының зор маңызы бар: «Василийге Едігеден көп-көп сәлем. Орыс елі біздің сенімді ұлысымыз болып келді; алым төлеп келді, елшілерімізді хұрметтеп, қонақтарға зәбір көрсетпей келді...». Мұнан кейін Едіге хатында Алтын ордаға ақша төлеу керек екенін ескерткен: «Олардың (бойлардың) біреуімен, Жәнібек ханға төлегеніңіздей, бізге бұрынғы алым-салықтарды жіберіңіз... Ал біз қазір сенің ұлысыңды көрдік, сенің бүкіл ұлыстан соқа бассайын екі сомдай ақша аласыздар, оны да күміспен жыйнайтынды білдік, бұл ақшаны қайда жібересіз».

Өзінің алға қойған саясатын іске асыруға байланысты Едіге 1408 жылы татар-монғолдарды бастап, Москваға жорыққа аттанды, Нижний Новгородты, Переяславльді, Ростовты, Серпуховты өртеді, қайтар жолында Рязанді өртеді, көп адамды тұтқынға алып кетті. Едігенің бұл жорығында, Москваның қандай талқандалғанын, халқына қандай қысым көрсетілгенін сол кездегі орыс шежірелерінің бірінен айқын көруге болады: «Көп адамды сабады, көп адамды тұтқынға алып кетті, көп адам қырғынға ұшыратылды... Бір татар келсе біздің көп адам оған жақындауға бата алмайтын, әйелдер мен балалар қорқып, бет алды қашатын... Едіге көп әйелді тұтқынға әкетті».

Алтын орда үстемдігі тұсында қазақ және орыс халықтарын қан қақсатқан, ел тонаумен, қарақшылық жорықтарымен даңққа шыққан Едігенің тарихы шын мәнінде осындай.

Сондықтан Марғұлан мен Жұмалиевтің өздерінің «ғылыми еңбектерінде» Едігені қазақтың ұлт батыры етіп көрсетуге тырысуы тіпті түсініксіз. Олардың бұл ерекеті Едіге туралы жырға бет алды сенгендіктен, Едігенің бет бейнесін айқын көрсететін тарихи документтерді білгісі келмегендігінен болып отыр.

Көсемдеріміз Ленин мен Сталин орда ғым бізге, халқымыздың ерлік тарихын хұрметтеу керек, оның прогресшіл қайраткерлерін—қолбасшыларын ғалымдерін, революционерлерін қадірлеу керек деп үйретеді. Ұлттық мақтаныш, өз халқының өткендегі ерлік дәстүрлерін хұрметтеу қай ұлтқа болса да жат емес. Олай болса, тарихшылардың, әдебиетшілердің еңбектерінде ұлттық дәстүрлердің жақсы

Кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік конференциясы жабылды

ПАРИЖ, 9 октябрь. (ТАСС). Кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік конференциясының көшкі мәжілісінде Голландияның, Египеттің, Иран мен Афғанстанның өкілдері сөз сөйледі. Бұдан кейін совет кәсіпшілер одақтарының делегаты Тара сов жолдас сөз алып сөйледі. Ол конференция өзінің жұмысында зор табыстарға жетті деп мәлімдеп, оның жұмысын аяқтау жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс қабылданды. Мәжілістің қортындысында Леон Жуо сөз сөйлеп, конференциясының жұмысы қанағаттанарлық болғандығын айтты.

Баспа сөз өкілдерінің Тит-понвилде болған конференциясында Трумэннің сөйлеген сөзі

НЬЮ-ЙОРК, 9 октябрь. (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің Тит-понвилден (Теннесси штаты) берген хабары бойынша, Президент Трумэн баспа сөз өкілдерінің арнаулы конференциясында сөз сөйлеп, Америка Құрама Штаттарының қай елде болса да атомдық бомбаның сырын ашуды көздемейтіндігін мәлімдеген.

Трумэн Сыртқы Істер Министрлерінің Лондондағы конференциясын өзінің сәтсіз аяқталды деп санамайтындығын мәлімдеп, Құрама Штаттары мүддесінің Советтер Одағының мүддесіне қайшы келмегендігін, алайда тіл айырмашылығының және аударма ісінің кейбір реттерде қиыншылық келтіргендігін атап көрсеткен.

Бевиннің бұхара палатасында сөйлеген сөзі

ЛОНДОН, 9 октябрь. (ТАСС). Бүгін Бұхара палатасында Англияның Сыртқы Істер Министрі Бевин Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің Лондондағы болған бірінші сессиясы туралы толық мәлімдеме жасаған. Бевин Министрлер Кеңесінде талқыланған мәселелерді талдай келіп, Финляндиямен және Италиямен бітім шартының жобасы жөніндегі мәселелерді талқылағанда қол жеткен нәтижелерді атап айтқан.

Француз-совет кәсіпшілер одақтары комитетінің мәжілісі

ПАРИЖ, 9 октябрь. (ТАСС). Франц

із жеткізіп тұруға мін
ыттан алынады басқа
лы атакты саяхатшы
лай деп жазды: «Ру
жай адамдар да хан
жылға, екі жылға,
ылға биелер беріп тұру
у басылардың қол ас
зінің мырзаларына да
меуге міндетті, өйткені,
ешқандай ерікті адам

асқыншылығы түсында
н казак халқының есін
халқының атакты ағар
ғыс елдерін жақсы біл
тарихын тамаша жақ
Құнанбайұлы Қазақ
нгол үстемдігі дәуірін
ар монғолдардың көр
лтай келіп Абай: «Бү
арекетке түсіндірмей,
і мал қумақ, ауыл шап
бір жерде ол елмен
сипатпен күні кешіп, еш
ене алмай өздері кедей
деп жазады.

дың Қазақстандағы үс
зардабын айта келіп,
еле жатқан кейіннен,
ның өзара жаугершілік
н барымта сияқты шап
тық әдеттер сол татар
заманынан қалғанын

да, хандығының казак
ргізген заманынан қал
қ халқының кейінгі та
рекесін кетіргенін, мо
ны қазақ халқын қатты
етті.

Орта Азияда татар-мон
ғиің кейін-кескіні осын

дың Қазақстандағы үс
а қолбасшыларының,
нің қазақ халқына көр
туралы осындай айқын

Алтын орда өмірлерінің бірі, қалың бұка
раны қан қақсатқан Едігені халық ба
тырларының қатарына қосқан.

Алайда, алтын ордалықтарды, ең алды
мен Едігені дәріптеу «Қазақ ССР тарихы
ның» авторларында ғана болып отырған
қате емес. Қазақстанның кейбір тарих
шылары мен әдебиетшілері «Қазақ ССР
тарихы» жазылудан көп бұрын жазған
еңбектерінде Едігені және ол сияқтыларды
мұнан да қатты дәріптеді.

Едігені қазақтың ұлт батырлары қата
рына қосуға тырысқан Қазақстанның
кейбір әдебиетші-тарихшыларының әреке
тінде ешқандай тылақты дәлел жоқ. Ә.
Марғұлан ертегідегі Едіге мен Тоқтамыс
ханға қызмет еткен тарихи Едіге би,
екеуі бір адам деп «дәлелдеп», оны қа
зақтың ұлттық батыры деп сипаттайды.
Марғұлан былай деп жазады: «Едіге қа
зақ халқының батырлар жыры тарихын
дағы неғұрлым тұлғас тұлға, барлық ба
тырлар жырының арқауы... Халық Едіге
ні осы шекке дейін өзінің досы, қорғау
шысы деп таныды, оны халық үшін кү
рескен ер деп мадақтайды».

«Қазақстанның әдебиеті мен көркем
өнері» журналының 1940 жылғы 2-са
нында басылған «Едіге мен Орақ-Май»
деген екінші бір мақаласында Марғұлан
былай дейді: «Дүние жүзілік батырлар
жырларындағы ең тамаша адамдардың
бірі—XIV ғасырдың екінші жартысында
және XV ғасырдың бас кезінде өмір сүр
ген данышпан Едіге... Ол, сөйден бері
еркіндікті сүйген, батыр болып келген,
жауынан қорықпаған қазақ халқының
батырлық сипаттарының тұлғасы бол
ды».

Марғұланның Едігені қазақтың ұлттық
батыры деп көрсету әрекеті, бір жағы
нан, Едігенің Тоқтамыс ханға қарсы со
ғысыпты, бұл соғыста халық оны қол
дапты-мыс, екінші жағынан, Едіге орыс
халқының досы болыпты, ұлы князь
Василиймен одақтасып, Литва князі Ви
товке қарсы соғысыпты-мыс, деген ты
нақсыз дәлелге негізделген.

қымен дос болуды ұламаған, қанға орны
елін ойрандауды, орыс халқын құлдыққа
салуды көздеген.

Марғұланның мақаласында келтірген
Едігенің Москва князі Василийге жазған
хаты міне осы мақсатты көздеген, ал
Марғұлан бұл хатқа сын көзімен қара
май, оны Едігенің орыс халқымен күшті
достығының белгісі деп білген.

Кейбір әдебиетшілер, оның ішінде Х.
Жұмалиев те Едігені қазақ халқының
ұлттық батыры болды деп дәріптейді.

Өзінің орта мектептердің 8-класына ар
налған, 1943 жылғы баспадан шыққан
«Қазақ әдебиеті» деген оқу кітабында
Жұмалиев татар-монғол шабуылы дәуірін,
сол сияқты бұл шабуылдың дем беруші
лері мен басшыларының сипатын оқушы
лардың дұрыс түсінуіне көмектесу орны
на, тарихи айғақтарға қайшы келіп, Еді
гені ер, данышпан, әділетті болды, қазақ
халқына көп еңбегі сіңді деп сыпаттай
ды. Едіге туралы жырды Жұмалиев қа
зақ халқының өзіне тән жыр дейді. Бұл
туралы өзінің оқу кітабында ол былай
деп жазады: «Едіге жыры халық тілегі,
ел мүддесінен туған шын мәніндегі халық
жыры. Едіге ел қамын ойлаған халық ба
тырларының образы. Жырдың біздер
үшін де тәрбиелі мәні үлкен. Едіге жыры
жастардың аса зер салып оқыйтын жы
рының бірі». (Х. Жұмалиев, Қазақ әде
биеті, 8-класқа арналған, 1943 жыл,
79—80-бет).

Едігені дәріптегенде Жұмалиев тіпті
асыра сілтейді, Едіге жыры қазақтың
барлық батырлар жырының арғы атасы
болды, дегенді айтады. Оның айтуынша,
XIX ғасырдағы атакты ақындардың бәрі
Едіге жырының батырлық дәстүрі бойын
ша тәрбиеленіпті-мыс, ал атакты ақын
Мақамбет Өтемісов, Едігеге бас иген ақын
болыпты-мыс. Бұл туралы ол өзінің оқу
кітабында былай деп жазады: «Эпостық
поэмаларды былай қойғанда XIX ғасыр
дың әдебиетінің қасқа мен жайсаңы бол
ған көп ақындардың Едіге жырына елік
теп, өздерінің өлеңдерінде ұйытқыны со
нап алды» (сол кітаптың 78-беті).

си беделінің түсуі онан сайын күшейді.
Екінші жағынан, Батыста, Алтын ордаға
қарсы үлкен жау—Мәуереннәһар мемлеке
тінің бастығы әмір Темір шықты.

Алтын орда ханының қолбасшысы, хан
сарайында өте беделді болған Едіге Ал
тын орда хандығының жаулап алынған
халықтары мен мемлекеттерге үстемдік
жүргізген бір кезегі қуатын қалай да
қалпына келтіруге тырысты. Ханның
жасақтарына сүйеніп, ол Тоқтамысты
тақтаң түсіруге, сөйтіп оның орнына
Алтын орданың қуатын қалпына келтіре
алатын Шыңғыс тұқымдарының біреуін
қоюға тырысты.

1407 жылы Тоқтамыс өлтірілді. Едіге
іс жүзінде Алтын орданың билеп төстеу
шісі және өмірлік әмірі болды. Бұл тура
лы орыс шежірешісі былай дейді: «Ал
тын орданың осы Едіге князі Алтын орда
княздерінің бәрінен де үстем болды, Ал
тын орда патшалығын бір өзі биледі жө
не оған тілегенінше өкімін жүргізді»
(Орыс шежіресінің толық жыйнағы, VIII
том). Едіге өзінің саясатында өзінен бұ
рыңғы Мамай мен Тоқтамыстың ізімен
жүрді. Бір жағынан Едіге орыс халқы
жөніндегі ежелгі саясатты қалпына кел
тірмек болып, Русь елінің Москвамен бі
рігуіне барынша бөгет жасады, мұның
үшін орыстың Феодал княздерінің жеке
жөншілік ниетін қолдап, Тверь, Рязань,
Нижегород, Суздаль княздіктерін Москва
ға қарсы қойды. Сөйтіп Русь еліндегі фео
далдық бытыраңқылықты сақтауға, мұ
ның арқасында татар-монғолдардың орыс
халқына үстемдігін жүзеге асыруға ты
рысты. Бұл саясат туралы Маркс өзінің
«XVIII ғасырдың құпия дипломатиясы»
деген еңбегінде былай деп жазды: «Орыс
княздерін бір-біріне қарсы айдап салу,
оларды араздастыру, олардың күштерін
тең ұстау, ешқайсысының күшеюіне жол
бермеу—мұның бәрі татарлардың ежелгі
саясаты болды».

Екінші жағынан, Едіге орыс елін та
лау, орыс халқынан алым-салықты не
ғұрлым көп алу жолымен Алтын орданың

на және оның таңдаулы адамдарына сү
йіспеншілік, оларды құрметтеу рухында
тәрбиелейтін жақтарын, —пропагандалап
отыру хажет.

Марксистік-лениндік теорияны кіршік
сіз таза сақтау, байшылық-ұлтшылдық
идеологияның түсіп бопп ағаруына еңу
әрекетінің қандайын болса да әшкерелеп
аластап отыру—идеология мәйданындағы
қызметкерлердің міндеті. Мұндай әрекет
тің қандайына болса да жол бермеу, он
даймен ешбір ымыраға келмеу, идеоло
гия мәйданындағы бағытымызды онан
сайын нығайтады, халқымызды Ленин—
Сталин партиясының төңірегіне, ұлы
орыс халқы төңірегіне онан сайын берік
топтастырады ұлы Отан соғысы жылда
рында айқын көрінген Советтер Одағы
ның барлық халықтарының мызғымас бе
рік достығын онан сайын күшейтеді.

Татар халқының өткендегі феодалдық
бектік қалпын мадақтаған, Алтын орданы
және Едіге туралы хандар жырын дәріп
теген Татарстанның кейбір тарихшы әде
биетшілерінің идеология мәйданындағы
елеулі қателері БК(б)П Орталық Комите
тінің Татарстан туралы қарарында өте
дұрыс көрсетілді.

БК(б)П Орталық Комитетінің Татарстан
жөніндегі қарары және Қазақстан БК(б)П
Орталық Комитетінің «Қазақ ССР тари
хын» екінші рет бастыру туралы қара
ры ұлт республикалары тарихының,
оның ішінде қазақ халқы тарихының аса
маңызды мәселелерін айқындау әдістерін
көрсетіп, тура жөн сілтеді.

Идеология мәйданының қызметкерлері
өздерінің еңбектеріне байсалдылықпен,
тереңнен қарап, халқымызды Ленин—
Сталин партиясы ісіне шын берілгендік
рухта тәрбиелейтін, жотары идеялы шы
ғармалар беруі керек. Бұл—идеология
мәйданындағы барлық қызметкерлердің
хасиетті міндеті.

Е. БЕНМАХАНОВ,

Тарих ғылымдарының кандидаты.

Жауапты редакция шекарасындағы жанжал

БЕЛГРАД, 9 октябрь. (ТАСС). Танюг
агенттігінің тілшісі Албания-Греция шека
расында болған соңғы жанжалдар жөнін
де хабар берді. 14 сентябрьде бір топ
грек солдаттары албан селосына автомат
тардан оқ жаудырған. 15 сентябрьде
күндізгі сағат 1 кезінде үш грек солдаты
албан сақшыларына оқ атқан Гректің мо
нархияшыл фашистері сол күні Албания
жеріне оқ жаудырған.

15 сентябрьде Албания жерінде шек
арадан бірнеше рет өткен грек агенті ұс
талған, 18 сентябрьде грек сақшысы
Албания жеріне өтіп, станокті зеңбірек
тер мен минометтерден оқ жаудырған. 19
сентябрьде бір топ грек солдаттары Ал
бания жеріне өтіп, албан сақшыларына
оқ атқан.

Фин генералы Эштің тұтқынға алынуы

ХЕЛЬСИНКИ, 10 октябрь. (ТАСС). Со
ғыс қылмысшыларының ісі бойынша
зерт орындарының 6 октябрьде генерал
лейтенант Эшті тұтқынға алғандығын
«Йлта Саномат» газеті хабар етті. Газет
тің жазуына қарағанда, ол жоғарғы со
ғыс сотына берілемек.

Шубашичтің орнынан түсуі

БЕЛГРАД, 10 октябрь. (ТАСС). Сыртқы
істер министрі Шубашич пен портфельсіз
министр Шутейдің орнынан түскендігі
бүгін көшкілікте ресми түрде хабарлан
ған.

Аргентина президентінің эрынбасары Перонның орнынан түсуі

НЬЮ-ЙОРК, 10 октябрь. (ТАСС). Юнай
тед Пресс агенттігінің хабары бойынша,
президенттің эрынбасары Перонның өзі
нің барлық қызметінен, онымен бірге со
ғыс министрі қызметінен түскендігі Буэ
нос-Айресте ресми түрде жарияланған.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

«ОКТАБРЬ» кино-театрында
Бүгін және күн сайын
«ТУҒАН ЖЕР» деген көркем суретті
дыбысты фильм көрсетіледі.
Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да бастала
ды.
Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА БОЛУ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

мбинатының жұмысшы
өветтік мемлекетіміздің
пғыдан да арттыра беру
ыздың даңқты мерекесі
стік жарыс туың жоға
быстарға не болу үшін

пехының жұмысшыла
ық социалистік жарыс
0 айлық жоспарды мере
толық орындап, жоспар
сомын көпшілік қолды

бұйымдарын өндіруге міндеттенген бола
тын. Олар бұл міндеттемелерін орындау
да белсене жұмыс істеп, өткен айдың өнді
рістік жоспарын артығымен орындады.

Тері илеу цехының жұмысшылар қол
лективі ұйымшылдық, тәртіптілікпен жұ
мыс істеу нәтижесінде социалистік жа
рыста алған міндеттемелерін мүлтіксіз
орындап келеді. Олар сентябрь айының
өндірістік жоспарын 103 процент орын
дады. Цех стахановшылары Соболева,
Пожидаев жолдастар күнделік жұмыс мөл

шерін 2-3 есе артығымен орындады.

Шибарин жолдастың бригада мүшелері
стахановтық вахтаға тұрып, ал
ғашқы күні жұмыс тапсырмасын 150
процент орындады. Бригада мүшелері
Стеналова, Крылова жолдастар өзара со
циалистік жарысқа түсіп, күнделік жұ
мыс мөлшерін екі есе артығымен орын
дауға міндеттенген еді. Крылова жолдас
өткен айдың жұмыс тапсырмасын 210
процент орындап, социалистік жарыста
өзін шықты. **Б. ЕЛУБАЕВ.**

ЖАСТАР СЕРТІН ОРЫНДАУДА

Петропавл депосының комсомол мүшеле
рі мен жастары Қазақстанның 25 жылды
ғы атындағы социалистік жарысқа қосы
лып, елімізге соғыс түсірген жараны
тез жазу үшін еңбек майданында қажыр
лы еңбек істеуге жұмылып отыр.

Советтер Одағының Генералиссимусы
Сталин жолдастың халыққа арнаған үн
деуіне жауап ретінде депо жастары жа
на міндеттемелер алды. Олар алған мін
деттемелерін аброймен орындауда. Леон
тьева, Гутман жолдастар октябрь

айының 10 күндік жұмыс жоспарын 125
процент орындады.

Депоның комсомол мүшелері мен жаста
ры октябрь айының өндірістік жоспарын
110 процент орындауға міндеттенген
болса, октябрь айының 10 күндік тап
сырмасын біржарым есе орындады.

Электр қыздыру цехындағы Голотина
жолдастың басқаруындағы комсомол-жас
тар бригадасының мүшелері күнделік
жұмыс мөлдерін үнемі 130-150 процент
ке дейін орындайды. **Н. РАШКОВСКАЯ.**